

**Мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша тауарлармен электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалардың мәліметтерді беру қағидаларын, мерзімдері мен нысанын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпанды № 221 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 наурызда № 16491 болып тіркелді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 28-бабы З-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша тауарлармен электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге асыратын тұлғалардың мәліметтерді беру қағидалары, мерзімдері және нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлікін  
2018 жылғы 16 ақпанды

**Мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша тауарлармен  
электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдау, жеткізуді  
жүзеге асыратын тұлғалардың мәліметтерді беру қағидалары, мерзімдері мен  
нысаны**

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша тауарлармен  
электрондық сауда кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге  
асыратын тұлғалардың мәліметтерді беру қағидалары, мерзімдері мен нысаны әзірленді  
және мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы бойынша тауарлардың  
электрондық саудасы кезінде тауарларды жөнелтуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге  
асыратын тұлғалардың мәліметтерді беру қағидаларын, мерзімдері мен нысанын  
айқындайды.

2. Мемлекеттік кірістер органдары салықтық тексеру барысында не жүргізілген  
камералдық бақылау нәтижелері бойынша алшақтықтарды анықтаған кезде осы  
Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген тұлғалардан қосымша  
ақпараттарды алу мақсатында тауарлардың электрондық саудасы кезінде тауарларды  
жіберуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге асыратын тұлғаларға сұрау салуды  
жолдайды.

Бұл ретте, мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуы салық төлеушіге (салық  
агентіне) келу тәртібінде не хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы табыс  
етіледі.

3. Салық төлеуші (салық агенті) мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуында  
көрсетілген мәліметті және (немесе) құжаттарды мемлекеттік кірістер органдарына осы  
Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табыс етеді.

4. Тауарлардың электрондық саудасы кезінде тауарларды жіберуді, тасымалдауды,  
жеткізуді жүзеге асыратын тұлға мәліметті осындай сұрау салуды алған қуннен бастап  
10 жұмыс күні ішінде ілеспе хатпен қағаз тасығышта келу тәртібінде, пошта арқылы  
тапсырыс хатпен не электрондық нысанда табыс етеді.

Мемлекеттік кірістер  
Органдарының сұрау салуы  
бойынша тауарлардың  
электрондық сауда кезінде  
тауарларды жөнелтуді,  
тасымалдауды, жеткізуді  
жүзеге асыратын тұлғалардың  
мәліметтерді беру қағидалары,  
мерзімдеріне мен нысанына  
1-қосымша  
Нысан

**Мемлекеттік кірістер органының 20\_\_ жылдан бастап 20\_\_ жылға дейінгі  
кезеңге мәліметтерді беруге сұрау салуы**

Салық төлеушінің (салық агентінің) атауы \_\_\_\_\_

ЖСН /БСН \_\_\_\_\_

Сұрау салуды жолдаудың себептері \_\_\_\_\_

Осыған байланысты, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса отырып, тауарлардың

электрондық саудасы кезінде тауарларды жіберуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге асыру

туралы мәліметтерді беру қажет.

Мемлекеттік кірістер органының басшысы (орынбасары)

(Т.А.Ә. (ол болған кезде) қолы, мөрі)

Ескертпе: аббревиатураны ашып жазу:

ЖСН /БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі.

Мемлекеттік кірістер  
Органдарының  
сұрау салуы бойынша  
тауарлардың электрондық сауда  
кезінде тауарларды  
жөнелтуді, тасымалдауды,  
жеткізуді жүзеге асыратын  
тұлғалардың мәліметтерді беру  
қагидалары, мерзімдеріне мен  
нысанына 2-қосымша  
нысан

**20\_\_ жылдан бастап 20\_\_ жылға дейінгі кезеңге тауарлардың электрондық  
саудасы кезінде тауарларды жіберуді, тасымалдауды, жеткізуді жүзеге  
асыратын тұлғалар беретін мәліметтер**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 18.12.2019 № 1387 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Негіздеме: \_\_\_\_\_ мемлекеттік кірістер басқармасының 201\_\_  
жылғы "\_\_\_" №\_\_\_\_ сұрау салуы бойынша

Салық төлеушінің (салық агентінің) атаяу \_\_\_\_\_

ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

1. Тауарлардың электрондық саудасын жүзеге асыратын салық төлеушіге жеткізілген тауарлар бойынша мәлімет:

№	Жеткізушінің атаяу	Жеткізушінің ЖСН /БСН (бар болса)	Ел	Шарт №	Шарт, күні	Тауардың атаяу	Өлшемнің бірлігі	Саны	Валюта коды	Тауардың бағасы	Тауарлардың жалпы саны	Қызметтің күны (күнде)	Ж

Барлығы, жалпы сомасы : \_\_\_\_\_ теңге.

2. Тауарлардың электрондық саудасын жүзеге асыратын салық төлеушіден жеткізілген тауарлар бойынша мәлімет:

№	Шарт, №	Шарт, күні	Сатып алушының ЖСН	Сатып алушының Т.А.Ә. (ол болған кезде) (жеке тұлға)	Жеткізу күні	Саны

3. Орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін төлемдер туралы мәлімет:

№	Төлем құжатының түрі	Төлем құжаты, күні	Төлем құжаты, нөмірі	Сомасы	Ескертпе

Барлығы, сомасы:

4. Қосымша ақпарат (өзара талаптарды өтеу, тауар алмасу және өзге де қолма-қол ақшасыз операциялар, бартер, өтеусіз беру)

№	Операциялардың атаяу	Мазмұны	Күжат, №	Күжат, күні	Операцияның сомасы	Бухгалтерлік есепте көрсетілді (Ия/Жок)	Салық есептілігінде көрсетілді (Ия/Жок)	ҚКС бойынша декларацияда көрсетілді (кезең)

5. Алушы мен жеткізушінің арасындағы берешек (кредиторлық және дебиторлық)::

Салық кезеңінің басында: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_, \_\_\_ (теңге) тең

Салық кезеңінің сонында: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_, \_\_\_ (теңге) тең.

6. \_\_\_\_\_ сұрау салу бойынша ұсынуға қажетті құжаттардың көшірмелері

Мемлекеттік кірістер органдарының заңды талаптарын орындаған жағдайда Сізге "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік жаза шаралары қолданылатын болады. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 187-бабына сәйкес салық төлеуші немесе оның уәкілетті өкілі

мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары түрған мемлекеттік кірістер органына немесе Қазақстан Республикасының зандарында көзделген тәртіппен сотқа шағым жасаудың құқылы.

Заңды тұлғаның, дара қесіпкердің басшысы \_\_\_\_\_

---

(Т.А.Ә. (ол болған кезде) қолы)

Ескертпе:

Сұрау салудың 1, 2, 3, 4, 5-тармақтары бойынша мәліметтерді осындай қаржы-шаруашылық операциялар болған жағдайда салық төлеуші (салық агенті) толтырады.

Аббревиатураларды ашып жазу:

ЖСН/БСН – салық төлеушінің жеке сәйкестендіру немесе бизнес- сәйкестендіру нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК